

**"Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы"  
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы  
№ 7-1/68 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 412 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 24 желтоқсанда № 35519 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларында:

8-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) электрондық бірдейлендіру тәсілі (маралдар және ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы бар бизондар).";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Процессингтік орталық осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес алынған ақпарат негізінде жеке нөмірлердің эмиссиясын жүргізеді және оның нәтижелерін жергілікті атқарушы органдардың назарына жеткізеді.";

22-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) мен атрибуттардың сатып алынуына және процессингтік орталықтан жүргізілген жеке нөмірлердің эмиссиясы нәтижелерінің алынуына қарай ветеринариялық ұйымдарға ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды, жылқылар мен тақ тұяқты жануарлардың жеке нөмірлер эмиссиясының қажеттілігіне сәйкес олардың жеке нөмірлерін бөледі;"

23-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдар (құралдар) мен атрибуттардың сатып алынуына және процессингтік орталықтан жүргізілген жеке нөмірлердің эмиссиясы нәтижелерінің алынуына қарай ветеринариялық ұйымға ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге

арналған бұйымдарды (құралдарды) және атрибуттарды, жылқылар мен тақ тұяқты жануарлардың жеке нөмірлер эмиссиясының қажеттілігіне сәйкес олардың жеке нөмірлерін береді;"

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің міндетін атқарушы

А. Султанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің міндетін атқарушы  
2024 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 412 бұйрығына  
қосымша  
Ауыл шаруашылығы  
жануарларын бірдейлендіру  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

**Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған Қазақстан Республикасының, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың литерлік және сандық кодтары, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларына арналған сандық кодтар**

--	--	--	--

Р/с №	Литерлік код	Штрих-кодқа арналған сандық код	Атауы
1.	KZ	398	Қазақстан Республикасы
2.	C	01	Ақмола облысы
3.	B	02	Алматы облысы
4.	D	03	Ақтөбе облысы
5.	E	04	Атырау облысы
6.	F	05	Шығыс Қазақстан облысы
7.	H	06	Жамбыл облысы
8.	L	07	Батыс Қазақстан облысы
9.	P	08	Қостанай облысы
10.	M	09	Қарағанды облысы
11.	N	10	Қызылорда облысы
12.	R	11	Маңғыстау облысы
13.	S	12	Павлодар облысы
14.	T	13	Солтүстік Қазақстан облысы
15.	X	14	Түркістан облысы
16.	Q	18	Абай облысы
17.	J	19	Жетісу облысы
18.	U	20	Ұлытау облысы
19.	A	15	Алматы қаласы
20.	Z	16	Астана қаласы
21.	Y	17	Шымкент қаласы

Ауыл шаруашылығы жануарларына арналған сандық кодтар:

1 – ірі қара мал

2 – ұсақ мал

3 – шошқалар

4 – жылқылар

5 – түйелер

6 – тақ тұяқты жануарлар

7 – маралдар

8 – ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей қатысы бар бизондар